

**Бейімбет Майлин ауданының Асенкритов ауылдық округінде орналасқан " Варварин" алтынмыс кен орнын әзірлеу жөніндегі тау жұмыстарын жүргізуге арналған төрт жер учаскілерінде Аят өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 15 наурызда № 3754 тіркелді. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 232 қаулысымен. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 21 ақпандағы № 76 қаулысымен. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 344 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 03.08.2022 № 344 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 21.02.2020 № 76 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 116, 125-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 115 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Уәкілетті органдармен келісу бойынша, бекітілген жобалау құжаттамасы негізінде Бейімбет Майлин ауданының Асенкритов ауылдық округінде орналасқан "Варварин" алтынмыс кен орнын әзірлеу жөніндегі тау жұмыстарын жүргізуге арналған төрт жер учаскілерінде Аят өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда Қостанай облысы әкімдігінің 21.02.2020 № 76 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Бейімбет Майлин ауданының Асенкритов ауылдық округінде орналасқан " Варварин" алтынмыс кен орнын әзірлеу жөніндегі тау жұмыстарын жүргізуге арналған төрт жер учаскілерінде Аят өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін

шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда Қостанай облысы әкімдігінің 21.02.2020 № 76 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Кулагин

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры

\_\_\_\_\_ Г. Естекбаев

"Қазақстан Республикасы жер ресурстарын басқару агенттігінің Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша өңіраралық жер инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ М. Дихаев

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ Г. Оспанбеков

"Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Тобыл-Торғай экология департаменті" мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ М. Орынбасаров

"Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ Қ. Төлеубаев

Қостанай облысы  
Таран ауданының әкімі  
\_\_\_\_\_ А. Бондаренко

Әкімдіктің  
2011 жылғы 17 ақпандағы  
№ 71 қаулысына 1-қосымша

**Бейімбет Майлин ауданының Асенкритов ауылдық округіндегі төрт жер учаскілерінде орналасқан "Варварин" алтынмыс кен орнын әзірлеу жөніндегі тау жұмыстарын жүргізуге арналған Аят өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуі**

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 21.02.2020 № 76 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Су объектісі, оның телімі	Су қорғау аймағы		
	шекараның ұзақтығы, ұзындығы (метр)	шекараның ұзақтығы, ауданы, (гектар)	шекараның ұзақтығы, ені (метр)
Аят өзені			
Бейімбет Майлин ауданының Асенкритов ауылдық округіндегі "Варварин" алтынмыс кен орнын әзірлеу жөніндегі тау жұмыстарын жүргізуге арналған төрт жер учаскесі:			
№ 9 жер учаскесі	150	7,5	500
№ 4 жер учаскесі	1200	42,5	500
№ 5 жер учаскесі	680	34,0	500
№ 6 жер учаскесі	570	28,5	500
(су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеу жобасына тапсырыс беруші – "Варварин" акционерлік қоғамы)			

**кестенің жалғасы:**

Су объектісі,	Су қорғау белдеуі		
	шекараның		

оның телімі	ұзақтығы, ұзындығы (метр)	ауданы (гектар)	ені (метр)
Аят өзені Бейімбет Майлин ауданының Асенкритов ауылдық округіндегі "Варварин" алтынмыс кен орнын әзірлеу жөніндегі тау жұмыстарын жүргізуге арналған төрт жер учаскесі: № 9 жер учаскесі № 4 жер учаскесі № 5 жер учаскесі № 6 жер учаскесі (су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеу жобасына тапсырыс беруші – "Варварин" акционерлік қоғамы)	35 650 680 570	0,35 6,5 6,8 5,7	100 100 100 100

**кестенің жалғасы:**

Су объектісі, оның телімі	Су қорғау белдеуі
	орташа көп жылдық судың сабалық кемері (метр)
Аят өзені Бейімбет Майлин ауданының Асенкритов ауылдық округіндегі "Варварин" алтынмыс кен орнын әзірлеу жөніндегі тау жұмыстарын жүргізуге арналған төрт жер учаскесі: № 9 жер учаскесі № 4 жер учаскесі № 5 жер учаскесі № 6 жер учаскесі (су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеу жобасына тапсырыс беруші – "Варварин" акционерлік қоғамы)	174,85 174,85 174,85 174,85

**Бейімбет Майлин ауданының Асенкритов ауылдық округінде орналасқан "Варварин" алтынмыс кен орнын әзірлеу жөніндегі тау жұмыстарын жүргізуге арналған төрт жер учаскілерінде Аят өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары**

**Ескерту. 2-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 21.02.2020 № 76 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 30.04.2014 № 182 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Су қорғау белдеулерінің шегінде мыналарға жол берілмейді:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық және өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылысжайлар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылысжайларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру, балық шаруашылығы технологиялық су айдындары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылысжайларды салмай, ғимараттар мен құрылысжайларды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қымтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 21.02.2020 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн**

өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2021 № 311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен

2. Су қорғау аймақтарының шегінде мыналарға жол берілмейді:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және қайта жаңғыртылған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал көмінділерін (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жұмыс істеу нормасынан артық мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған

көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 21.02.2020 № 76 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).